

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

11 қаңтар 2023 жыл

Орталық контрагенттің функцияларын жеке ұйымға бөлу жоспарлануда және "KASE клиринг орталығы" АҚ органдары анықталды

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа, KASE) Биржаны дамытудың 2022-2024 жылдарға арналған стратегиясының "Орталық контрагентті негізгі инфрақұрылымдық элемент ретінде дамыту" бағытына сәйкес Биржаның 100 % еншілес ұйымы – "KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – КАСС) құрғанын хабарлайды.

Ұйымның қалыптасуына қарай орталық контрагенттің (бұдан әрі – ОК) функцияларын сауда-саттықты ұйымдастырушы мен ОК тәуекелдерінің бейінін ажырату мақсатында Биржадан "KASE клиринг орталығы" АҚ-на беру жоспарлануда.

Клиринг және ОК функцияларын жеке заңды тұлғаға бөлу тек KASE-ге ғана емес, сондай-ақ басқа биржалық және биржадан тыс нарықтарға да жүгінетін түрлі қаржы құралдары бойынша ОК қызметтерін көрсетуге мүмкіндік береді.

ОК қызметі үздік халықаралық тәжірибелер мен стандарттарға сәйкес ұйымдастырылатын болады; тәуекел-менеджмент жүйесін, бизнес-процестерді құру, халықаралық тануға қолжеткізу жөніндегі жұмыс жалғасады.

2022 жылдың 30 қарашасындағы КАСС акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен КАСС Директорлар кеңесінің құрамы (бұдан әрі ДК) анықталды:

- Алдамберген Алина Өтемісқызы – Председатель СД КАСС;
- Саржақов Жайнар Наурызбайұлы – болмаған жағдайда КАСС ДК төрағасын алмастыруға құқығы бар тұлға;
- Ташметов Мирлан Жапарбекович – тәуелсіз директор.

КАСС ДК 2022 жылдың 23 желтоқсанындағы шешімімен КАСС Басқармасының құрамы анықталды:

- Сабитов Идель Марсильевич – Басқарма Төрағасы;
- Ли Алла Валерьевна – Басқарма Төрағасының Орынбасары;
- Сыздықов Еркін Сатыбалдыұлы – Басқарма Төрағасының Орынбасары.

Анықтама үшін

"KASE клиринг орталығы" АҚ заңды тұлғасы Биржаның еншілес ұйымы – "eTrade.kz" ЖШС қайта ұйымдастыру арқылы құрылды және 2022 жылдың 21 маусымында тіркелген.

2019-2021 жылдарға арналған Даму стратегиясы шеңберінде Биржа барлық нарықтарда үш жаңа сауда-клирингілік жүйе мен орталық контрагенттің қызметтерін енгізді. Бұл KASE-ге жаңа сауда-саттық құралдары мен есеп айырысу циклдерін енгізуге, Биржаның IT-инфрақұрылымының сенімділігін арттыруға, тәуекелдерді азайтуға және жоғары жиілікті сауда-саттық жүргізу үшін мүмкіндік берді.

Орталық контрагенттің сервисі инвесторлар үшін мәмілелер бойынша активтерді уақтылы алуда кепілдіктерді қамтамасыз етуге, тәуекелдерді басқаруды енгізуге және нақты уақыт тәртіптемесінде құралдарды барабар бағалауға мүмкіндік берді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz